GAZET 2008 JYLDYŃ QYRKÚIEGINEN SHYǴADY
ГАЗЕТА ВЫХОДИТ С СЕНТЯБРЯ 2008 ГОДА

# Nurly ÓLKE

QOǴAMDYQ - SAYASI GAZET
ОБЩЕСТВЕННО - ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

Nurly olke
@nurlyolke

№52 (877) 26.12.2025 E-mail: nurliolke@mail.ru nurlyolke.kz

## ҮЗДІК СПОРТШЫЛАР мен БАПКЕРЛЕРМАРАПАТТАЛДЫ

**Қонаев қаласында спорт саласының жыл қорытындысына арналған салтанатты жиын өтті. Шара барысында бір жыл бойы республикалық және халықаралық деңгейдегі жарыстарда жоғары нәтиже көрсеткен спортшылар мен олардың бапкерлері марапатталып, қала спортының дамуындағы нақты жетістіктер қорытындыланды.**




Салтанатты жиынды Қонаев қаласының әкімі Асхат Бердіханов ашып, облыс орталығы мәртебесін алғаннан бері қалада бұқаралық және кәсіби спортты дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстар атқарылып келе жатқанын атап өтті.

– Қала тұрғындарының спортпен тұрақты айналысуына қолайлы жағдай жасау – басым бағыттардың бірі. Осы мақсатта шағынаудандарда спорттық құрылғылар орнатылып, ойын және шағын футбол алаңдары салынуда. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады. Жыл басынан бері қала спортшылары республикалық және облыстық жарыстарда 111 алтын, 113 күміс және 193 қола медаль жеңіп алды. Бұл көрсеткіш – спортшылардың қажырлы еңбегімен қатар, бапкерлер мен ата-аналардың қолдауының нәтижесі, – деді қала әкімі.

Жиын барысында әлемдік және құрлықтық ареналарда ел намысын қорғап, жоғары жетістіктерге қол жеткізген бірқатар спортшылар сахна төріне шақырылды. Атап айтқанда, панкратионнан Грекияның Лоутраки қаласында өткен әлем чемпионатының қола жүлдегері, сондай-ақ Nomad MMA бойынша Азия чемпионы атанған Әмина Болысбек марапатқа ие болды. Шахматтан Қазақстан Республикасының спорт шебері, АҚШ-та өткен оқушылар арасындағы командалық әлем чемпионатында классика түрінен екінші орын алған Иманғали Ахилбай да үздіктер қатарынан көрінді.

Пара қол күрестен 2025 жылы Молдованың Кишинев қаласында өткен әлем чемпионатында жеңімпаз атанған әрі күміс жүлде иеленген Мөлдір Серкан, сондай-ақ осы спорт түрінен әлем чемпионаттарында бірнеше мәрте жүлдегер болған Жеңісбай Бердібаев пен Гүлмира Закунова да марапатталды. Жастар арасында ММА-дан Грекияда өткен әлем чемпионатының жеңімпазы Әділжан Талғатов, пауэрлифтингтен 2025 жылғы әлем чемпионатының алтын жүлдегері Айдар Тезеков, Oceanman World Final Championship жарысында жүзуден әлем чемпионы атанған Әмина Шынәділдің жетістіктері де ерекше атап өтілді.

Nomad MMA бойынша Азия чемпионатында жүлделі орындарға ие болған Камилла Шапашбаева, Нұрмолданов Әли, Серік Әмір, Өтеген Нұртілеу, Даутхан Мәди, Ахметов Даниял, Жарлыкасинов Мейіржан, Қанатов Нұрдаулет, Аликул Мадияр, Мұратқажы Айсултан және Саяполдай Тілек сынды жас спортшылардың нәтижелері Қонаевта ММА спорт түрінің қарқынды дамып келе жатқанын айқын көрсетті.

Сондай-ақ кикбоксингтен әлем кубоктарының бірнеше дүркін жеңімпаздары – Ахметжанова Зарина, Санатқызы Аяла, Заден Райымбек, Асхатұлы Ахмет, Имандосов Нурали, бокстан халықаралық Dracula Open турнирінің чемпионы Меделхан Әділ, тоғызқұмалақтан Азия және Қазақстан чемпионаттарының жүлдегерлері Батыр Ернұр мен Олжатаев Олжас, пара биден әлем кубогының жеңімпазы Ақжеркенова Ақнұр, көркем гимнастикадан халықаралық турнирлердің жүлдегерлері Увакбаева Даяна мен Лушникова Ольга, футболдан халықаралық «TURAN CUP» турнирінде үздік ойыншы атанған Кантаев Алихан және жүлдегер Алим Санжар да құрметке бөленді.

Бұдан бөлек, желкенді қайық спортынан Қазақстан чемпионаттары мен жастар ойындарының жеңімпаздары Өмірзақ Жандаулет, Иванов Илья, Гаас Антон, баскетболдан ел чемпионы атанған Глубоких Вероника, байдарка мен каноэде есу спортынан ҚР чемпионатының жүлдегері Койчиманов Руслан, дзюдодан ел біріншілігінің жүлдегері Киялешов Шамиль, пара оқ атудан Қазақстан чемпионы Кәрібек Дания, армрестлингтен республикалық чемпионаттың жүлдегері Нұрлан Ерлан, жүзуден ашық суда өткен әлем чемпионатына қатысқан Кремпин Дмитрий сынды спортшылардың жетістіктері де ерекше атап өтілді.

Шара соңында Қонаев қаласындағы Қасым Қайсенов атындағы №4 орта мектептің 4-сынып оқушысы, Nomad MMA бойынша Азия чемпионатының күміс жүлдегері Даниял Ахметовтің анасы Қарлығаш Ахметова сөз алып, ұлының спорттағы жолына тоқталды.

– Даниял ережесіз жекпе-жекпен үш жасынан бастап айналысады. Осы уақытқа дейін түрлі деңгейдегі жарыстарға қатысып, облыс чемпионы атанды, ел біріншілігінде қола жүлде жеңіп алды. Азия чемпионатында күміс медаль иеленді. Баламның мұндай нәтижелерге жетуінде бапкері Дилшат Ибраимовтың еңбегі зор. Алдағы уақытта да биік белестерді бағындырыбына сеніміміз мол, – деді ол.

Жыл қорытындысына арналған бұл салтанатты жиын Қонаев қаласында спорт саласының жүйелі түрде дамып келе жатқанын, жасөспірімдер мен жастарды спортқа тартуға бағытталған жұмыстардың нақты нәтижесін көрсетті.

**Назерке ИНАҚЫНҚЫЗЫ**

## АРТ-ТЕРАПИЯ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА «ЖАҢА ЖЫЛ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР» АТТЫ ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

ART-терапия – бұл шығармашылық өнер арқылы адамның эмоционалды, психологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған терапевтикалық әдіс. Мұндай терапия мүгедектігі бар балалардың өмірге деген құлшынысын арттыру үшін өте тиімді. Себебі кітапханада балалар ертегі, поэзия немесе суретті кітаптар негізінде суреттер салып, қолөнер туындыларын жасай алады.






Қонаев қаласының кітапханасы ART-терапия форматындағы ұйымдастырылған «Кітап пен сурет үндестігі» атты жобасын жалғастыру мақсатында 3 желтоқсан – Халықаралық мүгедектер күніне орай және жаңа жыл қарсаңында «Жаңа жыл жаңа мүмкіндіктер» атты шара ұйымдастырылды.

Шараға қаламыздың «Самға» оңалту орталығы, «Мейірім» күндізгі күтім орталығының балалары мен нұсқаушылары қатысты. Шараға келген ерекше балаларды жоба авторы кітапханашы Секербекова Айна ықыласпен қарсы алып шараның мақсатын таныстырып өтті. Арт-терапия барысында нұсқаушылар балаларға бағыт-бағдар беріп, балалар түрлі түсті ермексазбен жұмыс істеу арқылы өз эмоцияларын еркін жеткізіп, шығармашылық әлемге саяхат жасады.

Бұл шығармашылық жұмыс балалардың ұсақ моторикасын дамытуға, қиялын кеңейтуге және эмоциялық күйін тұрақтандыруға бағытталды. Іс-шара барысында әр бала өз қиялына сүйене отырып, түрлі пішіндер мен бейнелер жасады. Жұмыс процесі балалар үшін қызықты әрі пайдалы өтті. Түрлі түстерді таңдау мен оларды үйлестіру балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыруға ықпал етті.



Сонымен қатар, ермексазбен жұмыс жасау балалардың сабырлылығын арттырып, зейінін шоғырландыруға көмектесті. Мұндай іс-шаралар балалардың жан-жақты дамуына және әлеуметтенуіне оң әсерін тигізеді.

Шара соңында Қонаев қаласының кітапханасының бөлім меңгерушісі Жолымбетова Даража шараға қатысқан балаларға ізгі тілегін білдіріп, алғыс хаттар мен сыйлықтарын табыстады.

**Қонаев қаласының кітапханасының кітапханашысы Айна Базарханқызы СЕКЕРБЕКОВА**

# КАКИЕ КНИГИ ВЫБРАТЬ ДЛЯ ТИХИХ ЗИМНИХ ВЕЧЕРОВ?

**В ПОСЛЕДНИЕ ГОДЫ ВСЁ ЧАЩЕ МОЖНО УСЛЫШАТЬ ФРАЗУ: «ЧИТАТЬ НЕКОГДА». ПОВСЕДНЕВНАЯ СПЕШКА, РАБОТА, ТЕЛЕФОНЫ И БЕСКОНЕЧНЫЙ ПОТОК ИНФОРМАЦИИ ДЕЙСТВИТЕЛЬНО ВЫТЕСНЯЮТ КНИГУ ИЗ ЖИЗНИ ВЗРОСЛЫХ И ДЕТЕЙ. ОДНАКО ЗИМА ТРАДИЦИОННО МЕНЯЕТ ЭТОТ РИТМ. КОРОТКИЙ СВЕТОВОЙ ДЕНЬ, БОЛЕЕ ТИХИЕ ВЕЧЕРА И ЕСТЕСТВЕННАЯ ПАУЗА В ДЕЛАХ СЛОВНО ВОЗВРАЩАЮТ ЧЕЛОВЕКА К НЕСПЕШНОМУ ЧТЕНИЮ – НЕ КАК К ОБЯЗАННОСТИ, А КАК К ФОРМЕ ОТДЫХА.**



Зимнее чтение отличается от летнего. Оно не про количество страниц и не про список «обязательных» произведений. Скорее – про состояние. Про желание открыть книгу без внутреннего напряжения и позволить себе погрузиться в текст, который не поучает назидательно, а разговаривает с читателем спокойно и честно.

В этом смысле всё больше взрослых сегодня обращаются к казахской прозе, но не к тем произведениям, которые прочно ассоциируются со школьной программой. Речь идёт о книгах, которые в зрелом возрасте читаются иначе – без пафоса, но с глубоким внутренним откликом. Так, роман «Ақ боз үй» Смағула Елубаева нередко выбирают для вдумчивого зимнего чтения за его тихий, почти камерный разговор о судьбе человека и семьи. Проза «Гауһартас» Дулата Исабекова привлекает тем, что в ней нет прямых выводов – автор оставляет читателю пространство для собственных размышлений, позволяя самому почувствовать характеры и внутренние конфликты героев. Для тех, кто готов к более сложному и неторопливому тексту, подойдёт роман «Өмірзая» Әбіша Кекілбаева – книга, требующая внимания, но щедро вознаграждающая читателя глубиной и философским подтекстом.

Тем, кто предпочитает более лёгкий формат, но не хочет поверхностного чтения, подойдут повести и рассказы Дулата Исабекова и Қалихана Ысқақова – небольшие по объёму тексты о человеческом выборе, одиночестве, ответственности и тихих жизненных переломах. Такие книги хорошо читать небольшими фрагментами, возвращаясь к ним в течение зимних вечеров.

Зима –подходящее время и для семейного чтения. Причём здесь особенно важно уйти от формального подхода, когда книга воспринимается ребёнком как продолжение школьных заданий. Живой интерес у детей и подростков по-прежнему вызывают произведения «Балалық шаққа саяхат» и «Біздің жақта қыс ұзақ» Бердібека Соқпақбаева – честные, тёплые тексты без морали «в лоб», в которых легко узнать себя или своих близких. Для совместного вечернего чтения по-прежнему актуальны и «Қазақ ертегілері» –не как элемент воспитания, а как повод для разговора и спокойного семейного времени.

Наряду с казахской литературой многие семьи продолжают обращаться и к мировой классике –не ради статуса, а ради атмосферы. Зимой особенно хорошо перечитываются «Вино из одуванчиков» Рэя Брэдбери или «Маленький принц», а детям по-прежнему близки «Муми-тролли» и «Винни-Пух» – книги, которые одинаково тепло воспринимаются разными поколениями.

Психологи отмечают, что регулярное чтение, особенно совместное, снижает уровень тревожности и помогает восстановить эмоциональное равновесие. Достаточно 15–20 минут в день – не ради результата, а ради самого процесса. Формат при этом не принципиален: бумажная книга, электронная версия или аудиокнига – важно лишь, чтобы чтение стало естественной частью повседневной жизни.

Зима не требует от человека достижений и громких выводов. Она предлагает другое –замедлиться, прислушаться к себе и быть внимательнее к тем, кто рядом. И книга в этом смысле становится не источником назиданий, а тихим спутником, который помогает прожить этот сезон спокойно и осмысленно. Иногда именно такие вечера – с текстом, тишиной и тёплым светом – остаются в памяти дольше любых громких событий.

**Дина АМИРОВА**

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САПАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Қонаев қаласында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, құқық бұзушылықтардың алдын алу және мемлекеттік қызметтердің жылдық қорытындысы» тақырыбында қала әкімінің аппараты қызметкерлерімен кездесу өтті. Жиында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру және цифрлық сервистерді қолдану барысында заң талаптарын қатаң сақтау мәселелері жан-жақты қаралды.

Кездесудің негізгі өзегі – қоғамда және мемлекеттік аппарат ішінде «нөлдік төзімділік» қағидатын орнықтыру, деп хабарлайды әкімдіктің баспасөз қызметі. Бұл ұстаным сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісін қабылдамау, заң бұзушылыққа жол бермеу, қызметтік этика мен адалдық стандарттарын сақтау сияқты қағидалармен сабақтас. Мұндай тәсілдің мәні – парақорлыққа қатысты ұсақ-түйек «тұрмыстық» бұзушылықтарға да көз жұма қарамау, әрбір қызметкердің жеке жауапкершілігін күшейту және алдын алу тетіктерін тұрақты қолдану.

Жиын барысында «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасына да ерекше назар аударылды. Аталған портал Қазақстанда лицензиялар мен рұқсат беру құжаттарын электрондық форматта рәсімдеуге арналған негізгі цифрлық платформа ретінде жұмыс істейді: өтініш беру, құжаттарды тіркеу, өтініш мәртебесін бақылау, алынған қызметтер тарихын көру секілді қызметтер жүйе арқылы жүзеге асады. Сонымен бірге лицензиялау рәсімдері бойынша электрондық құжатты тіркеу, сұрауды өңдеу, деректер бойынша сәйкессіздік анықталған жағдайда бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру тәртібі регламенттерде нақты көрсетілген.

Кездесуде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті өкілдері баяндама жасап, қолданыстағы заңнама талаптарын түсіндірді. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде артық құжат сұратпау, азаматтарға негізсіз бас тартуға жол бермеу, сондай-ақ орындаушылық тәртіпті сақтау қажеттігі нақты атап өтілді. Бұл талаптар қызмет алушының құқығын қорғауға, ал мемлекеттік органның ашықтығы мен есептілігін күшейтуге бағытталған.

Жалпы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тек бақылау және жауапкершілік шараларымен шектелмейтіні де айтылды. Ел көлемінде бұл бағыттағы саясат жүйелі түрде жаңартылып, алдын алу, ашықтық пен сервистік модельге көшу қағидаларына сүйенеді. Атап айтқанда, Президент Жарлығымен бекітілген 2022–2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасы мемлекеттік басқаруда ашықтықты арттыру, қоғаммен кері байланысты күшейту, тәуекелдерді төмендету секілді басымдықтарды қамтиды. Мұндай құжаттар жергілікті деңгейде де күнделікті қызмет процесіне – мемлекеттік қызмет көрсету мәдениетіне, ішкі бақылауға және профилактикалық жұмыстың мазмұнына тікелей әсер етеді.

Кездесу барысында Қонаев қаласында жыл басынан бері сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында бірқатар ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілгені де сөз болды. Атап айтқанда, қызметкерлер арасында құқықтық түсіндіру, қызмет көрсету тәртібін біріздендіру, азаматтармен коммуникация сапасын арттыру және цифрлық жүйелерді қолданудағы тәртіпті күшейту секілді бағыттар күн тәртібінен түскен емес.

Жиын қорытындысында құрылымдық бөлімше басшыларына мемлекеттік қызмет көрсету сапасын күшейту, азаматтармен кері байланысты нығайту және заң талаптарының сақталуын қатаң бақылауда ұстау тапсырылды. Сонымен қатар «Е-лицензиялау» жүйесі арқылы көрсетілетін қызметтер бойынша өтініштерді қарауда рәсімдік талаптарды сақтау, өтініш берушіге түсінікті кері байланыс беру және заңнамада көзделмеген құжаттарды талап етпеу мәселелері жұмыс тәртібінде тұрақты бақылауда ұсталатыны айтылды.

**Ерлік КЕБЕКБАЙ**



# ЖАҢА ЖЫЛДЫ ӘЛЕМ ҚАЛАЙ ҚАРСЫ АЛАДЫ?

Жаңа жыл – күнтізбедегі бір күннің ауысуымен ғана шектелмейтін, әр халықтың дүниетанымы мен мәдени болмысын айқындайтын айрықша кезең. Әлемнің әр түкпірінде бұл мереке әрқилы қарсы алынады: бір елде тыныштық пен ой тазартуға мән берілсе, енді бір мемлекетте шулы әрі тосын дәстүрлер басым. Дегенмен қалыптасқан ғұрыптардың барлығының түпкі мәні ортақ – ескі жылмен қоштасып, жаңа жылға үмітпен қадам басу.

Испанияда Жаңа жылды қарсы алу дәлдік пен шапшаңдықты талап етеді. Түн ортасында сағат тілі он екі рет соғылғанда, әр қоңырауға бір-бірден жүзім жеу дәстүрі кең тараған. Бұл ырым алдағы он екі айдың әрқайсысы сәтті өтсін деген сеніммен байланысты. Әсіресе Мадридтің орталығындағы Пуэрта-дель-Соль алаңына жиналған жұрт қоңырау үнін қалт жібермеуге тырысады. Жүзімді уақытында жеп үлгеру – келер жылдың берекелі болатынына деген халықтық нанымның көрінісі.

Жапонияда Жаңа жыл рухани тазару кезеңі ретінде қабылданады. 31 желтоқсан түні буддистік ғибадатханаларда қоңырау 108 рет соғылады. Буддистік түсінік бойынша, бұл сан адам бойындағы 108 дүниелік құмарлықты білдіреді. Әр соғылған қоңырау сол теріс қасиеттерден арылуды меңзейді. Сонымен қатар жапондар жаңа жыл қарсаңында үйлерін мұқият тазалап, өткенді артта қалдырып, жаңа кезеңді сабырмен қарсы алуға ерекше мән береді.

Данияда Жаңа жыл тосын әрі символдық әрекеттермен ерекшеленеді. Кей тұрғындар ескі ыдыс-аяқты көршілерінің есігінің алдына апарып сындырады. Бұл дәстүр достық пен жақындықтың белгісі ретінде қабылданады: есік алдында сынған табақ көп болса, адамның аралас-құралас ортасы кең деген түсінік бар. Ал түн ортасында орындықтың үстінен секіріп түсу ескі жылдағы қиындықтарды артта қалдырып, жаңа жылға сеніммен қадам басуды білдіреді.

Бразилияда Жаңа жылды қарсы алу көбіне теңіз жағалауында өтеді. Әсіресе Рио-де-Жанейрода мыңдаған адам ақ түсті киім киіп, жағажайға жиналады. Ақ түс тазалық пен жаңа бастаманың нышаны саналады. Көпшілік теңізге гүл тастап, афро-бразилиялық дәстүрлерде құрметтелетін Йеманжаға тілек тілейді. Кей аймақтарда толқын арқылы бірнеше рет секіру ырымы да кездеседі. Бұл – сәттілік пен арманның орындалуына деген сенімнің көрінісі.

Италияда Жаңа жыл түні ескі заттардан арылу маңызды саналады. Әсіресе елдің оңтүстік өңірлерінде тұрғындар қажетсіз дүниелермен қоштасып, өткен жылды артта қалдыруды көздейді. Сонымен қатар жасымықтан дайындалған тағам жаңа жылдық дастарқанның басты асы болып есептеледі. Итальяндар жасымық дәнін тиынға ұқсатып, оны молшылық пен қаржылық тұрақтылықтың белгісі деп біледі.

Шотландияда Жаңа жыл Hogmanay атауымен кең көлемде аталып өтеді. Бұл елде «first footing» деп аталатын дәстүр бар: түн ортасынан кейін үйге бірінші болып кірген адам сол шаңыраққа жыл бойы бақ-береке әкеледі деп сенеді. Әдетте алғашқы қонақ көмір, нан немесе сусын алып кіреді. Кей қалаларда тұрғындар отты шарларды айналдырып, көшелермен шеру жасап өтеді. Бұл рәсім ескі жылдағы жамандықты отпен тазарту ұғымымен байланыстырылады.

Филиппинде Жаңа жыл молшылық пен берекемен тығыз байланысты. Сондықтан бұл елде дөңгелек пішінді заттарға ерекше мән беріледі. Жаңа жыл түні дастарқанға дөңгелек жемістер қойылып, киімдегі өрнектер де тиынға ұқсас болуы құпталады. Мұның барлығы қаржылық тұрақтылық пен тұрмыстық әл-ауқатты арттыруға деген сенімнен туындаған.

Ал Чилидің кейбір өңірлерінде Жаңа жылды зират маңында қарсы алу дәстүрі кездеседі. Бұл жалпыұлттық емес, жекелеген қауымдастықтарға тән ғұрып саналады. Адамдар шам жағып, марқұм жақындарын еске алады. Мұндай рәсім тірілер мен дүниеден өткендер арасындағы рухани байланысты сақтауға, отбасы сабақтастығын ұмытпауға бағытталған.

Әлем елдеріндегі бұл дәстүрлер бір-біріне ұқсамайды. Бір жерде жүзім жеп үлгеруге тырысса, енді бір жерде қоңырау қағып, теңізге гүл тастайды немесе отты айналдырады. Дегенмен барлығын біріктіретін ортақ түсінік бар: Жаңа жыл – үміттің, сенімнің және жаңарудың бастауы.

Осы тұрғыдан алғанда, Жаңа жыл әр халықтың мәдени коды мен өмірге деген көзқарасын айқындайтын айрықша мереке. Әлем қаншалықты алуан түрлі болса да, жаңа жылды қарсы алу сәтіндегі тілектер ортақ – келер жыл тыныш, берекелі әрі бақытты болсын деген ниет.

**Шолпан ҚАРАЕВА**

# КОГДА НОВЫЙ ГОД ВЪЕЗЖАЕТ В ГОРОД

Вечером 24 декабря Конаев на несколько часов стал похож на сцену из новогоднего фильма. Город, привыкший к размеренному ритму, неожиданно ожил – улицы наполнились светом, музыкой и ожиданием чуда. Причиной этого настроения стал праздничный новогодний караван компании Coca-Cola, который впервые в истории прибыл в областной центр.

Ярко украшенная фура, сверкающая огнями, медленно прошла по улицам Алматы, Сейфуллина и Жамбыла, словно задавая темп наступающему празднику. Люди останавливались, доставали телефоны, улыбались друг другу и невольно становились частью общего события. Казалось, что город на мгновение вышел из привычного времени и оказался в пространстве предновогоднего ожидания.



Финальной точкой маршрута стала центральная площадь у главной городской ёлки. Здесь праздничный караван словно поставил символическую точку: Новый год уже рядом, он буквально приехал в город. Световые инсталляции, украшенная площадь и мерцающая фура создали атмосферу, в которой не хотелось спешить – люди задерживались, гуляли, фотографировались, разговаривали.

Горожане признавались, что подобные события меняют восприятие города. Для одних это был повод выбраться всей семьёй на вечернюю прогулку, для других – редкая возможность почувствовать себя частью большого общего праздника. Особенно заметно это было по детям, которые с неподдельным восторгом следили за происходящим, но и взрослые не скрывали эмоций: в этот вечер улыбок было заметно больше обычного.

Праздничную атмосферу дополнила развлекательная программа: музыка, сценические номера, интерактивные элементы. Всё это не отвлекало, а органично вписывалось в общее настроение – без суеты, но с ощущением, что в городе происходит нечто особенное.

Для Конаева это событие стало не просто красивым зрелищем, а знаком того, что город живёт, развивается и всё чаще становится площадкой для масштабных и современных проектов. Жители отмечали, что такие инициативы формируют новый облик города – открытого, тёплого, ориентированного на людей.

Новогодний караван Coca-Cola – это международный символ приближающегося праздника, который ежегодно проходит в разных странах мира. В этом году он впервые остановился в Конаеве и оставил после себя не только яркие кадры, но и главное ощущение – Новый год уже здесь, он рядом, и начинается он с простых, но искренних эмоций.

**Назерке ИНАКЫНОВА**

# ӘДЕБИЕТ ПЕН ӨНЕР ИЕЛЕРІНЕ ҚОЛДАУ ЖАЛҒАСУДА

**ҚОНАЕВ ҚАЛАЛЫҚ КІТАПХАНАСЫНДА ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ АҚЫН-ЖАЗУШЫЛАР МЕН ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРЛЕРІН ҚОЛДАУҒА АРНАЛҒАН ДӘСТҮРЛІ «АҚТАҢГЕР» СТИПЕНДИЯСЫН ТАБЫСТАУ РӘСІМІ ӨТТІ. РУХАНИЯТ ПЕН МӘДЕНИЕТКЕ АЙРЫҚША МӘН БЕРУДІ КӨЗДЕЙТІН БҰЛ ШАРА ӨҢІРДІҢ ӘДЕБИ-МӘДЕНИ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАРДЫҢ БІРІ САНАЛАДЫ.**

Салтанатты жиында алғашқы сөз облыс әкімінің орынбасары Ғани Майлыбаевқа берілді. Ол өз сөзінде «Ақтаңгер» стипендиясының мәні мен маңызына тоқталып, әдебиет пен өнердің қоғам өміріндегі рөліне кеңінен тоқталды.

– Руханият пен сөз өнерін ұлықтаған ақын-жазушылар мен қылқалам шеберлерінің еңбегін бағалауға арналған облыс әкімінің «Ақтаңгер» стипендиясы – өңірдің әдеби-мәдени кеңістігіндегі айрықша бастама. Әдебиет – ұлттың жадын сақтайтын, рухын асқақтататын, болмысын айқындайтын ұлы күш. Ақындар мен жазушылар – сол рухтың сақшысы. Ал қылқалам иелерінің туындыларынан табиғат пен адамзаттың, қоғам мен заманның тынысы, ұлттық құндылықтардың көрінісі айқын аңғарылады. Өлкенің тарихы мен табиғаты сіздердің шығармаларыңызда көркем тілмен бейнеленіп, жас ұрпақтың санасына сіңіп келеді. Бұл – рухани сабақтастықтың айқын көрінісі. «Ақтаңгер» стипендиясы шығармашылық жолдағы ізденісті қолдауға, қаламгерлер мен өнер иелерінің еңбегіне құрмет білдіруге бағытталған. Облыс әкімдігі алдағы уақытта да әдебиет пен мәдениетті дамытуға, талантты тұлғаларды қолдауға басымдық бере береді. Өйткені руханияты мықты елдің болашағы да нық, – деді Ғани Айдарұлы.

Шара аясында Еркін Ібітановтың таңдамалы өлеңдер жинағы, Тұманбай Молдағалиевтің «Жырдың жарық жұлдызы», Жұмабай Шаштайұлының «Өзгермеген адам» атты кітаптарының тұсаукесері өтті. Будан кейін өңірдің бірқатар қаламгерлері мен қылқалам шеберлеріне облыс әкімінің «Ақтаңгер» стипендиясы табысталды.

Аталған стипендияға ақын, жазушы, Қазақстанның Құрметті журналисі Шаяхмет Құсайынов, айтыскер ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Бигайша Медеуова, ақын, Қазақстанның Құрметті журналисі Шынәділ Мұқанов, «Мұқағали» журналының редакторы Дүйсен Мағлұмов, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Бақыт Беделхан, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Ұлы Дала дипломының» иегері Ережеп Мақсат, Мәдениет саласының үздігі Айбек Ережеп, Қазақстандағы орыс тілді әдебиеттің көрнекті өкілі Николай Зайцев, ақындар Сәлім Жусанбаев, Ізтілеу Тойшыбайұлы, Елеусіз Ахметкерімұлы, Даубай Мамытұлы, Жазира Ахметова, Қуаныш Жазай, ҚР Суретшілер одағы облыстық филиалының төрағасы Марат Абдреев, суретші, мүсінші, дизайнер Жүнісхан Ермұхан, сондай-ақ ҚР Суретшілер одағының мүшелері Дәулетбақ Малыбаев, Тілек Абдрахманұлы, Жақып Берікқан, Марат Төтеев, Айсұлу Үсентаева ие болды.






Марапат иелері атынан сөз алған Бигайша Медеуова мен Марат Абдреев өнер иелеріне көрсетіліп отырған қолдау үшін облыс әкіміне алғыс білдіріп, мұндай бастамалардың шығармашылық өкілдеріне жаңа серпін беретінін атап өтті.

**Назерке ИНАҚЫНҚЫЗЫ**

# ҚОНАЕВТА ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Қонаев қаласында Энергетиктер күніне орай энергетика саласы қызметкерлеріне арналған салтанатты жиын өтіп, үздік мамандарды марапаттау рәсімі ұйымдастырылды, деп хабарлайды Алматы облысы әкімдігінің баспасөз қызметі. Шара өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етудегі энергетика саласы қызметкерлерінің елеулі еңбегін атап өтуге бағытталды.

Іс-шара барысында жоғары кәсіби шеберлігімен, энергетика саласын дамытуға қосқан қомақты үлесімен және көпжылдық адал еңбегімен ерекшеленген сала мамандарына «Еңбек сіңірген энергетик» және «Құрметті энергетик» төсбелгілері табысталды. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттары, Алматы облысы әкімінің Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттары үздік қызметкерлерге салтанатты түрде тапсырылды.

Салтанатты жиында сөз сөйлеген облыс әкімінің орынбасары Әсет Масабаев энергетика саласының стратегиялық маңызын атап өтті. Оның айтуынша, энергетика – өңірдің тұрақты дамуы мен халықтың жайлы өмір сүруінің берік негізі. Технологиялық жаңару мен энергия тұтынудың артуы жағдайында сала мамандарының кәсібилігіне, жауапкершілігіне және қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауына ерекше мән беріледі.

Қазіргі таңда Алматы облысының энергетика саласында шамамен 15 мыңға жуық маман еңбек етеді. Олардың күнделікті қызметі өндірістік және әлеуметтік нысандардың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, өңір экономикасының тұрақты дамуына тікелей ықпал етіп отыр.

2025 жыл Алматы облысының энергетика саласы үшін белсенді даму кезеңі ретінде сипатталады. Өңірде 15 қосалқы станцияның құрылысы басталып, 24 елді мекенде 8,1 млрд теңге көлемінде қаржы тарту арқылы электр беру желілерін салу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар ел үшін стратегиялық маңызы бар алғашқы атом электр станциясын салуға арналған геологиялық-іздестіру жұмыстары бастау алды. Бұл жоба мемлекеттің энергетикалық жүйесін одан әрі нығайтуға бағытталған.

Шара барысында сала ардагерлерінің еңбегіне де айрықша құрмет көрсетілді.





Олар Қапшағай және Мойнақ су электр станцияларының құрылысы сынды ірі энергетикалық жобалардың жүзеге асуына атсалысып, отандық энергетика жүйесінің қалыптасуына елеулі үлес қосты.

Энергетиктер еңбегінің жоғары қоғамдық және мемлекеттік деңгейде мойындалуы олардың Алматы облысының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі және өңірдің тұрақты дамуына қосқан үлесінің маңыздылығын айқын көрсетеді.

**Аян ҚОНАРОВ**






# ЖАҢА ЖЫР ЖИНАҒЫ – РУХАНИ ОЛЖА

Жуырда Қонаев қаласында қалалық кітапхананың ұйымдастыруымен қазақ руханияты үшін маңызды мәдени шара өтті. Ақын, сазгер Шынәділ Мұқанұлының 75 жасқа толу мерейтойына орай жарық көрген жаңа кітаптарының тұсаукесеріне арналған «Жан әлемін тербеген жыр мұрасы» атты поэзия кеші әдебиетсүйер қауымды бір арнаға тоғыстырды.

Кеш аясында ақынның «Ойсылқара» және «Өзге емес, өзім айтам» атты жаңа жыр жинақтарының тұсауы кесілді. Шара қалалық кітапхананың қабырғасында өтіп, зиялы қауым өкілдері, ақын-жазушылар, жас қаламгерлер, оқушылар мен кітапхана қызметкерлерінің басын қосты.

Кеш барысында Шынәділ Мұқанұлының сырға толы шығармашылық жолы, поэзия әлеміндегі өзіндік қолтаңбасы, жаңа жинақтардың тақырыптық өзегі кеңінен сөз болды. Ақынның ғұмырнамасынан сыр шертетін бейнебаян көрсетілгеннен кейін, белгілі қаламгерлер мен әдебиеттанушылар оның еңбегіне жоғары баға беріп, жүрекжарды лебіздерін білдірді.

Жергілікті ақын Алтыншаш Жақиянова тұсаукесер рәсімінде жырдан шашу шашса, «Ойсылқара» кітабының басты кейіпкері, әлемдік түйе керуені рекордын жаңартып, есімі Гиннестің рекордтар кітабына енген кәсіпкер Сыдық Дәулетов қарапайымдылықпен алғысын жеткізді.

Ақын жырларын мәнерлеп оқыған оқушылар кештің көркін кіргізіп, поэзияға деген қызығушылықты арттыра түсті. Тұсауы кесілген кітаптар – Шынәділ Мұқанұлының көп жылдық ізденісінің, жүрек сүзгісінен өткен ой-толғамдарының жемісі. Жинақтарда заман тынысы, адам жанының терең қатпарлары, туған жерге деген сағыныш пен ұлттық болмыс айқын көрініс тапқан.

Кеш барысында қаламдас әріптестері мен әдебиеттанушылар ақын шығармашылығына жоғары баға беріп, оның поэзиядағы өзіндік үні мен стильдік ерекшелігін атап өтті. Ал ақынның өзі



шығармашылық жолдағы ізденістерімен бөлісіп, өлеңдерінің жазылу тарихына тоқталды.

Сонымен қатар жергілікті өнерпаздар ақын жырларына жазылған әндерді орындап, кештің әсерін тереңдете түсті. Жылы лебіздер мен мазмұнды ойлар кешке ерекше рухани реңк берді.

Шара соңында жаңа кітаптар сыйға тартылып, автордан қолтаңба алынып, естелік суретке түсті. Бұл тұсаукесер кеші Шынәділ Мұқанұлы мен оқырмандар арасындағы рухани байланысты нығайтып, ұлттық әдебиетке деген қызығушылықты арттырған маңызды мәдени шара болды.

Шынәділ Мұқанұлының жаңа жыр жинақтары поэзия сүйер қауымның жүрегінен орын алып, қазақ сөз өнерінің қазынасын байыта түсері сөзсіз.

**А. МУСИНА,**
**Қонаев қалалық кітапханасының кітапханашысы**

# КАК ЗАЩИТИТЬ СЕБЯ ОТ МОШЕННИКОВ:
## ПРОСТЫЕ ПРАВИЛА, КОТОРЫЕ СПАСАЮТ ДЕНЬГИ И НЕРВЫ

Телефонные звонки «из банка», сообщения о «подозрительных операциях», ссылки с просьбой срочно подтвердить данные — сегодня с такими ситуациями сталкиваются тысячи людей. Мошенничество перестало быть редким явлением и всё чаще приобретает изощрённые формы, воздействуя не столько на техническую неграмотность, сколько на эмоции человека: страх, спешку и доверие.

Эксперты отмечают, что большинство случаев финансового обмана происходит не из-за сложных схем, а из-за нескольких минут паники, когда человек действует, не проверяя информацию.

***Самые распространённые схемы обмана***

Наиболее часто мошенники действуют по телефону, представляясь сотрудниками банков, правоохранительных органов или государственных структур. Они сообщают о якобы оформленном кредите, попытке списания средств или «взломе счёта», после чего требуют немедленных действий: назвать код из SMS, данные карты или перевести деньги на так называемый «безопасный счёт».

Ещё один популярный способ — фишинг. Гражданам рассылают сообщения со ссылками на поддельные сайты банков, служб доставки или маркетплейсов. Внешне такие страницы почти не отличаются от настоящих, однако любая введённая на них информация сразу попадает к злоумышленникам.

Отдельного внимания заслуживают схемы с «ошибочным переводом», когда человеку сообщают о якобы случайно отправленных деньгах и просят вернуть их на другой счёт. Нередко это становится началом более сложной финансовой ловушки.

***Почему мошенникам удаётся обманывать***

Главное оружие злоумышленников — психологическое давление. Фразы вроде «действуйте срочно», «никому не говорите», «иначе потеряете деньги» рассчитаны на то, чтобы человек не успел посоветоваться с близкими или обратиться в банк напрямую.

Важно помнить: настоящие сотрудники банков и государственных органов никогда не требуют по телефону конфиденциальную информацию и не просят устанавливать приложения или переводить деньги.

***Что нужно знать каждому***

Чтобы защитить себя и своих близких, достаточно соблюдать несколько базовых правил:

• никогда не сообщать коды из SMS, пароли, PIN-коды и данные банковских карт;
• при любом подозрительном звонке сразу завершать разговор и самостоятельно перезванивать в банк по официальному номеру;
• не переходить по ссылкам из сомнительных сообщений и писем;
• не устанавливать приложения по просьбе незнакомых лиц;
• проверять адрес сайта — даже одна лишняя буква может указывать на подделку;
• использовать лимиты на переводы и уведомления о всех операциях.

Особенно важно объяснять эти правила пожилым родственникам и детям, которые чаще всего становятся целью мошенников из-за доверчивости или недостатка опыта.

***Если вы всё же стали жертвой обмана***

В такой ситуации важно действовать быстро. В первую очередь необходимо немедленно связаться с банком и заблокировать карту или доступ к приложению. Далее следует сохранить все сообщения, номера телефонов и квитанции, после чего обратиться в полицию с официальным заявлением.



Специалисты также предупреждают о так называемом «вторичном мошенничестве», когда пострадавшим предлагают за вознаграждение «вернуть украденные деньги». Чаще всего это ещё одна попытка обмана.

Мошенничество сегодня — это не признак наивности, а результат хорошо продуманного психологического давления. Защитить себя можно, если не поддаваться панике и помнить простое правило: ни одна официальная организация не решает финансовые вопросы по телефону.

Внимательность, проверка информации и спокойствие — самые надёжные способы сохранить свои деньги и нервы.

**Ерлік КЕБЕКБАЙ**

# 70 ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕМЛЕКЕТ ЕСЕБІНЕН ШЕТЕЛДЕ ЕМ АЛДЫ

**ҚАЗАҚСТАНДА ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІ ШЕТЕЛДЕ НЕМЕСЕ ШЕТЕЛДІК МАМАНДАРДЫ ТАРТУ АРҚЫЛЫ АЛУ МҮМКІНДІГІ БІРҚАТАР АЗАМАТТАР ҮШІН НАҚТЫ ҚОЛДАУҒА АЙНАЛЫП ОТЫР. ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘЛІМЕТІНШЕ, 2025 ЖЫЛЫ ЕЛІМІЗДЕГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДА ШЕТЕЛДЕН ШАҚЫРЫЛҒАН МАМАНДАРДЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН ТАҒЫ 7 АДАМ ЕМ ҚАБЫЛДАҒАН. БҰЛ ТУРАЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ СВЕТЛАНА ПОНОМАРЕВА ХАБАРЛАДЫ.**

Оның айтуынша, көпшілік Қазақстан азаматтарын шетелде емдеуге жіберу немесе шетелдік дәрігерлерді отандық медициналық ұйымдарға тарту жөнінде арнайы мемлекеттік бағдарлама бар екенін біле бермейді. Аталған медициналық көмек Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады. Бағдарламаның жұмысшы органы ретінде Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры айқындалған. Қор пациенттердің құжаттар пакетін қалыптастырып, оларды шетелдік клиникаларға жолдайды, ұсынылған емдеу бағдарламаларын зерделейді және соңғы шешім қабылдау үшін материалдарды Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы арнайы комиссияның қарауына ұсынады. Пациенттерді осындай емге жіберу тәртібі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің №45 бұйрығымен бекітілген қағидалармен реттеледі.



Бағдарлама аясында шетелде ем алуға бірнеше санаттағы азаматтар үміткер бола алады. Атап айтқанда, 18 жасқа дейінгі балалар Қазақстанда көрсетілмейтін жоғары технологиялық медициналық көмекке нақты медициналық көрсеткіштері болған жағдайда шетелдік клиникаларға жіберілуі мүмкін. Ал ересек азаматтар тек Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығымен бекітілген белгілі бір аурулар тізбесіне сәйкес шетелде емделуге жолданады. Сонымен қатар қызметтік міндеттерін атқару кезінде ауыр жарақат алған құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері де ерекше жағдайларда, яғни ел ішінде қажетті жоғары технологиялық көмек көрсетілмеген кезде, Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Премьер-Министрінің тапсырмасы бойынша шетелде ем қабылдай алады.

2025 жылдың 1 желтоқсанындағы аралық қорытындыға сәйкес, бағдарлама шеңберінде бюджет қаражаты есебінен барлығы 77 пациент ем алған. Оның ішінде 70 адам шетелдік клиникаларда, ал 7 пациент шетелдік мамандардың қатысуымен Қазақстандағы медициналық ұйымдарда өткен шеберлік сағаттары аясында емделген. Қор өкілінің мәліметінше, осы мақсатқа 1 млрд теңгеден астам қаржы жұмсалған. Бір жағдайдың орташа құны шамамен 13 млн теңгені құрайды, алайда нақты сома аурудың түрі мен жүргізілген емдеу тәсіліне байланысты өзгеріп отырады. Мәселен, қан ауруымен ауырған бір пациентке мемлекет шамамен 35 млн теңге, несеп-жыныс жүйесі аурулары бойынша 32 млн теңге, ал неврологиялық аурулар бойынша 17 млн теңгеге жуық қаражат бөлген. Светлана Пономареваның айтуынша, мұндай шығынды көптеген отбасылардың өз күшімен көтеруі мүмкін емес, сондықтан бағдарлама азаматтар үшін айтарлықтай әлеуметтік қолдау болып отыр.

Жалпы есепті кезеңде ең көп ем алғандар қатарында туа біткен ақаулары бар азаматтар (32 адам) мен онкологиялық ауруларға шалдыққан пациенттер (26 адам) басым болды. Қолданылған емдеу технологияларының ішінде туа біткен қан тамырлары ақауларына жасалған операциялар 24 жағдайда жүргізілсе, 9 пациентке онкологиялық ауруларды емдеу үшін протондық терапия қолданылған. Сондай-ақ 7 жағдайда радиоактивті йодпен емдеу жүргізіліп, 6 пациентке бауыр трансплантациясы мен кардиохирургиялық операциялар жасалған. Бұдан бөлек, өзге де жоғары технологиялық медициналық әдістер пайдаланылған.

2025 жылы пациенттерді емдеу үшін ең жиі таңдалған елдер қатарында Германия (24 жағдай), Түркия (17 жағдай) және Үндістан (13 жағдай) бар. Сонымен бірге азаматтар Ресей Федерациясына, Беларусь Республикасына және Испанияға да жіберілген. Қор өкілінің түсіндіруінше, шетелде емделуге үміткер пациенттердің құжаттарын өңірлік денсаулық сақтау басқармалары дайындап, оларды республикалық деңгейде қарауға ұсынады. Осыған байланысты бағдарлама талаптарына сай келетін азаматтар ең алдымен өз өңіріндегі денсаулық сақтау басқармасына жүгінуі тиіс. Айта кету керек, егер азаматтар шетелге өз бастамасымен, яғни республикалық комиссияның шешімінсіз барып емделсе, мемлекет олардың шығындарын өтемейді.

**Ерлік КЕБЕКБАЙ**

# САНИТАРИЯЛЫҚ ҚОРҒАУ АЙМАҒЫ – ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚОРҒАУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ТЕТІГІ

Санитариялық қорғау аймағы – өндірістік, коммуналдық және басқа да халыққа зиянды әсер етуі мүмкін объектілер мен тұрғын аймақтардың арасын бөліп тұратын арнайы аумақ. Оның негізгі мақсаты – қоршаған ортаның ластануын азайту және тұрғындардың денсаулығын қорғау.

Санитариялық қорғау аймағының көлемі мен шекарасы объектінің қауіптілік сыныбына, шығаратын зиянды заттардың түрі мен мөлшеріне байланысты белгіленеді. Өндірістік кәсіпорындардан шығатын шу, шаң, газ, иіс және басқа да физикалық немесе химиялық факторлар санитариялық қорғау аймағы арқылы тұрғын аймақтарға жетпей әлсірейді.

Санитариялық қорғау аймағында тұрғын үйлерді, мектептерді, балабақшаларды және медициналық мекемелерді орналастыруға тыйым салынады. Бұл аумақта жасыл желек отырғызу, көгалдандыру жұмыстары жүргізіледі, себебі өсімдіктер ауаны тазартуға және шу деңгейін төмендетуге ықпал етеді.




Санитариялық қорғау аймағы талаптарын сақтау – кәсіпорын басшылығының міндеті. Объектілердің санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігі тұрақты түрде бақылаудан өткізіліп, қоршаған ортаға әсері бағаланып отырады. Талаптардың сақталмауы экологиялық және денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін.

Қорытындылай келе, санитариялық қорғау аймағы – халықтың қауіпсіз өмір сүруіне жағдай жасайтын маңызды санитариялық шара. Оны дұрыс ұйымдастыру мен қатаң сақтау қоғамның экологиялық және санитариялық әл-ауқатын қамтамасыз етеді.

**Н.Медетов,**
**«Қонаев қаласының СЭББ» РММ басшысы**

# ГЕЛЬМИНТТЕРДІҢ АДАМҒА ӘСЕРІ

Гельминттер - паразиттік құрттардың ағзаға енуі нәтижесінде дамитын паразиттік аурулар тобы. Бұл аурулар жынысы мен жасына байланысты шектелмейді. Айта кету керек, балалар арасында гельминтоз диагнозы жиі қойылады. Бұл балалардың гигиенасы аз болғандықтан, жуылмаған тағамдарды жейді және жиі таза ауада ойнайды (құмда, бақшада және т. б. жерлерде). Гельминттер - бұл адам ағзасына еніп, онда еркін дамып, сол арқылы паразиттік аурулардың дамуын қоздыратын төменгі сатыдағы құрттардың өкілдер тобы. Паразиттердің личинкалары мен дамып келе жатқан түрлері адам ағзасы үшін ең қауіпті, өйткені олар дененің айналасында еркін қозғалады, өмірлік маңызды мүшелерді жұқтырады.

Ересектер соншалықты еркін қозғала алмайды, сондықтан орнықтырақ орналасады. Гельминттердің көпшілігі асқазан-ішек жолында паразиттелгенді қалайды. Айта кету керек, әр түрлі түрлер ас қорыту жолдарының әр түрлі бөліктерінде локализацияланған: құрт - жұқа ішектің төменгі бөлігінде, дөңгелек құрттар-оның жоғарғы бөлігінде және т.б. Паразиттер ас қорыту жолын ғана емес, сонымен қатар өкпені, өт жолдарын және өт қабының өзін де жұқтыруы мүмкін екенін ескеру қажет. Олар өмір сүру барысында адам ағзасын улайтын түрлі улы заттарды бөліп шығарады. Маңыздысы, егер ағзада паразиттердің бар екеніне күмәндансаңыз, дереу дәрігермен кеңесіп, қауіпті асқынулардың пайда болуын болдырмау үшін ауруды емдей бастаңыз. Ауруды емдеудің негізгі мақсаты - науқастың денесінен паразиттерді шығару, сонымен қатар асқазан-ішек жолдарының қалыпты жұмысын қалпына келтіру. Оларды емдеуші дәрігердің тағайындауы бойынша және дәрігер тағайындайтын мөлшерде ғана қабылдау қажет.

Алдын алу шараларын сақтай отырып, сіздер гельминттерді жұқтырмауыңыз мүмкін. Сондықтан да, төмендегі шараларды сақтауларыңыз тиіс:

1. Тамақ алдында қолды міндетті түрде жуу.
2. Жеміс-жидектермен, көкөністерді тамаққа қолданар алдында 5 минут ағынды судың астында жуу.
3. Әжетханаға әр бір барғаннан кейін міндетті түрде қол жуу.
4. Жерге түскен ойыншықтарды балаға аузына салғызбау.
5. Қолмен дайындалған термиялық өңделмеген етті (шошқа еті), балықты, тұзды балықты, уылдырықты тұтынудан бас тарту;
6. Шикі суды, әсіресе ашық су қоймаларынан тұтынудан бас тарту.

**Н.Медетов, «Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысы**

## ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«Алатау-құс» АҚ 2026 жылы 6 ақпанда сағат 15:00-де Алматы облысы, Алатау қаласы, № 59А учаскесі, «Алатау-құс» АҚ құс фабрикасының аумағында Алматы облысы, Алатау қаласы, № 59А учаскесі мекенжайында орналасқан «Алатау-құс» АҚ құс фабрикасы үшін «Ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері жөнінде қорытынды алу мақсатында ашық жиналыс арқылы қоғамдық тыңдау өткізеді.

Әсер ету аймағының географиялық координаттары: ендігі – 43°47'13.28», бойлығы – 77°1'31.21»

Қатысушыларды тіркеу 60 минут бұрын жеке басын куәландыратын құжат арқылы тіркеледі.

Қоғамдық тыңдау онлайн Zoom платформасы арқылы өтеді.

Онлайн катысу үшін төмендегі Zoom сілтемесі арқылы қосылуға болады: https://us05web.zoom.us/j/6470094667?pwd=qQTKU8M6n5QiptTTRoF5o7KOuclAAe.1&omn=81622877708

Конференция идентификаторы: 647 009 4667

Кіру коды: 12345678

Бастамашы туралы мағлұматтар: «Алатау-құс» АҚ БСН 100540016535, Телефон: +77018997899. e-mail: info@akus.kz

Жоба әзірлеушісі «КазЭкоаналитика» ЖШС БСН 130140014396, Алматы қ., Сейфуллина к. 597 А, 308 кеңсе, телефон 8 (747) 221 05 01, e-mail: kazeco2302@gmail.com

Жергілікті атқарушы орган: Алматы облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы.

Жоба бойынша құжаттама БЭП-те орналастырылған: https://ndbecology.gov.kz/ және ЖАО https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat?lang=ru қоғамдық тыңдаулар бөлімінде көрсетілген.

Мүдделі тұрғындардың ескертулері мен ұсыныстары: 329267eco@mail.ru электронды пошталары арқылы 3 жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады.

Қосымша ақпаратты +7 747 221 05 01 телефоны арқылы алуға болады.

## ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

АО «Алатау - құс» 6 февраля 2026 года в 15:00 часов по адресу Алматинская область, г. Алатау, участок № 59А, на территории птицефабрики АО «Алатау-құс», проводит общественное слушание в форме открытого собрания по проекту «ОТЧЕТ О ВОЗМОЖНЫХ ВОЗДЕЙСТВИЯХ» для птицефабрики АО «Алатау-құс», расположенной по адресу: Алматинская область, г. Алатау, участок № 59А, для получения заключения по результатам оценки воздействия на окружающую среду.

Географические координаты территории воздействия: ширина - 43°47'13.28»С, долгота - 77°1'31.21»В.

Регистрация участников за 60 минут при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Подключиться к конференции Zoom:

https://us05web.zoom.us/j/6470094667?pwd=qQTKU8M6n5QiptTTRoF5o7KOuclAAe.1&omn=81622877708

Идентификатор конференции: 647 009 4667

Код доступа: 12345678

Реквизиты инициатора: АО «Алатау-құс» БИН 100540016535, Телефон: +77018997899. e-mail: info@akus.kz

Разработчик проекта ТОО «КазЭкоаналитика» БИН 130140014396, г.Алматы, пр.Сейфуллина 597А, офис 308, телефон 87472210501. e-mail: kazeco2302@gmail.com

Местный исполнительный орган: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области.

Документация по проекту размещена на ЕЭП: https://ndbecology.gov.kz/ и на сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat?lang=ru в разделе Общественные слушания.

Замечания и предложения заинтересованной общественности принимаются не позднее 3 рабочих дней по электронному адресу: 329267eco@mail.ru

Дополнительную информацию можно получить по номеру телефона: +7 747 221 05 01

---

«Литер А» ЖШС 06.01.2026ж бастап, бес жұмыс күні аралығында «Алматы қаласындағы әкімшілік ғимаратты медициналық орталыққа ауыстыра отырып, қондырмамен және толықтырумен және ішінара бұзумен қайта жаңарту» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша

https://ndbecology.gov.kz сайтында жария талқылаулар өтетіндігін хабарлайды. ҚОҚ бөлімін әзірлеуші «Ecoland» ЖК, ҚР, Павлодар қ, Барнаульская 90, 87773381933. Жобамен

https://ndbecology.gov.kz сайтында танысып, ескертулер қалдыруға болады.

---

ТОО «Литер А» сообщает, что с 06.01.2026г в течении пяти рабочих дней на портале https://ndbecology.gov.kz будут проводиться публичные обсуждения по разделу «Охрана окружающей среды» к РП «Реконструкция административного здания с переоборудованием под медицинский центр с надстройкой и пристройкой и частичным сносом в г.Алматы». Разработчик раздела ООС ИП «Ecoland», РК, г.Павлодар, ул.Барнаульская, 90, 87773381933. Ознакомиться с проектом и предоставить замечания можно на сайте

https://ndbecology.gov.kz

---

Разыскиваются наследники гражданина ЗОНФЕЛЬД АЛЕКСАНДРА АЛЕКСАНДРОВИЧА, умершего 03 октября 2020 года. Заявления от наследников о принятии (отказе) от наследства надлежит подать по адресу: город Қонаев, 1 мкр, 39/5 (рядом с ЦОНом) нотариус Бахтиярова Н.С. справки по тел. 8(702) 9472158

---

Ввиду открытия наследство после смерти гражданки Каскарауовой Гульназ Мадыгалиевны, умершей 16.11. 2025 года, просим всех наследников обращаться к нотариусу Уразбаеву Алмасу Хамидуллаевичу по адресу: г. Қонаев, 1 мкр., дом 13 или по телефону: 87772567807

---

Открыто наследственное дело после смерти гражданина Федулаева Андрея Геннадьевича, умершего 05.07.2025 года. Наследников прошу обратиться к нотариусу Вишневской Светлане Владимировне по адресу: Алматинская область, город Қонаев, микрорайон 1, участок № 35/1 (рядом с ЦОНом), телефон 87772450185

---

«Камкор» Жеке кәсіпкеріне 19.11.2025 жылы берілген «Шетелдік рұқсат бланк» Азербайджан үшінші елдерде(ден) нөмері AZ6051659 бланкасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

# НОВЫЙ ГОД БЕЗ ЛИШНИХ ТРАТ И СТРЕССА: КАК ВСТРЕТИТЬ ПРАЗДНИК С ПОЛЬЗОЙ

**В ПРЕДДВЕРИИ НОВОГО ГОДА, 20 ДЕКАБРЯ, В КОНАЕВЕ СОСТОЯЛОСЬ ТРАДИЦИОННОЕ ОБЩЕГОРОДСКОЕ ПРАЗДНИЧНОЕ МЕРОПРИЯТИЕ, КОТОРОЕ СОБРАЛО НА ЦЕНТРАЛЬНОЙ ПЛОЩАДИ БОЛЕЕ 15 ТЫСЯЧ ЖИТЕЛЕЙ И ГОСТЕЙ ГОРОДА. НОВОГОДНИЙ ВЕЧЕР СТАЛ ОДНИМ ИЗ САМЫХ МАССОВЫХ И ОЖИДАЕМЫХ СОБЫТИЙ ЗИМНЕГО СЕЗОНА, ОБЪЕДИНИВ ГОРОЖАН В АТМОСФЕРЕ РАДОСТИ, СВЕТА И ОЖИДАНИЯ НАСТУПАЮЩЕГО ГОДА.**



Центральная площадь с первых минут наполнилась людьми: сюда приходили семьями, с детьми, друзьями и коллегами, чтобы вместе почувствовать приближение праздника. Праздничная программа открылась детским представлением, задавшим тёплый и по-настоящему семейный тон всему вечеру.

Позже к горожанам обратился аким города Асхат Бердиханов. В своей речи он подвёл итоги уходящего года, отметив совместную работу и реализованные проекты, направленные на развитие Конаева, а также поблагодарил жителей за вклад в общее дело и пожелал городу новых возможностей и добрых начинаний.

Особым моментом праздника стало зажжение огней главной городской ёлки, которое аким провёл вместе с воспитанниками детского дома. Этот эпизод был встречен аплодисментами и стал одним из самых запоминающихся за вечер. Завершился праздник концертной программой с участием местных и приглашённых артистов — Сырыма Исабаева, Даны Кентай и группы Atlantis Live Band, а также красочным фейерверком над центральной площадью. В этом году высота главной городской ёлки составила 20 метров. К новогодним праздникам были украшены центральная площадь, парки и основные улицы города.



Массовые городские мероприятия задают общее настроение и становятся ярким стартом новогодних дней. Однако дальше праздник продолжается уже в более спокойном формате — в домах, в семейном кругу, в длинных выходных, когда важно не растерять это ощущение радости и не превратить Новый год в источник усталости. Специалисты советуют подойти к праздничным дням осознанно и сохранить баланс между отдыхом и заботой о себе.

1. Разумный подход к бюджету

Праздничные траты часто выходят за рамки запланированного. Эксперты советуют заранее определить сумму, которую вы готовы потратить на Новый год, и распределить её по категориям: продукты, подарки, декор, развлечения. Это помогает избежать спонтанных покупок и долгов в январе. Важно помнить: атмосфера праздника создаётся не стоимостью подарков, а вниманием и теплом.

2. Праздничный стол без излишеств

Традиционно новогодний стол ассоциируется с обилием блюд, часть которых так и остаётся нетронутой. Практичнее заранее продумать меню и сделать ставку на 5–6 любимых блюд, а не десятки закусок. Это не только экономит бюджет, но и снижает пищевые отходы. Кроме того, врачи рекомендуют не переедать в новогоднюю ночь и соблюдать умеренность, особенно людям с хроническими заболеваниями.

3. Безопасность — важная часть праздника

В период новогодних каникул увеличивается количество бытовых травм и несчастных случаев. Используя гирлянды, важно проверять их исправность и не оставлять включёнными без присмотра. При запуске фейерверков и салютов следует строго соблюдать инструкции и правила безопасности — либо вовсе отказаться от них в пользу организованных городских шоу. Особое внимание стоит уделить детям и пожилым людям.

4. Праздник без спешки и перегрузки

Не обязательно успеть всё и сразу. Новый год — не соревнование за «идеальный сценарий». Иногда гораздо полезнее отказаться от шумного застолья в пользу спокойного семейного вечера, прогулки или просмотра фильма. Психологи отмечают, что снижение ожиданий помогает избежать разочарований и сохранить эмоциональное равновесие.

5. Итоги года и планы без давления

Подведение итогов — полезная традиция, если она не превращается в самокритику. Достаточно честно ответить себе на несколько вопросов: чему научил уходящий год, что удалось, а что требует пересмотра. Планы на будущее лучше формулировать гибко, без жёстких обещаний. Малые, реальные цели работают эффективнее громких заявлений.

6. Забота о здоровье в праздничные дни

Режим сна, питание и движение часто нарушаются в новогодние каникулы. Врачи советуют сохранять хотя бы минимальный баланс: выходить на прогулки, пить больше воды, не злоупотреблять алкоголем и давать организму время на восстановление. Это поможет начать новый год без ощущения полной усталости.

7. Новый год как точка перезагрузки

Главная ценность праздника — возможность остановиться и выдохнуть. Новый год может стать не просто сменой даты в календаре, а точкой внутреннего обновления. Важно использовать это время для общения с близкими, отдыха и восстановления сил.

Пусть наступающий год начнётся спокойно, осознанно и без лишней суеты. Тогда праздничные дни действительно станут источником энергии, а не причиной усталости — и это, пожалуй, самый полезный подарок, который можно сделать себе и своим близким.

**Дина АМИРОВА**

# ҚАЛАЛЫҚ КІТАПХАНАДА «БІРГЕ ОҚИЫҚ» КЛУБЫНЫҢ ӘДЕБИ КЕЗДЕСУІ ӨТТІ

Қарашаның қоңыр күзімен астасқан бір күні Қонаев қалалық кітапханасында «Бірге оқиық» клубының мүшелері бас қосып, «Мен оқыған кітап...» атты әдеби сағат өткізді. Бұл кездесу кітапқа жақын жандардың басын қосып, оқыған шығармалар арқылы ой бөлісіп, рухани сұхбат құруға арналды.

Әдеби сағат барысында қатысушылар өздеріне әсер еткен кітаптар туралы айтып, әр шығармадан түйген ойларын ортаға салды. Кездесудің негізгі мақсаты – кітаптың тәрбиелік мәнін, оның адам санасы мен өмірлік көзқарасына тигізетін ықпалын бірге саралау болды. Әртүрлі жанрдағы шығармалар сөз болып, оқырмандар өз өмірінде айрықша орын алған кітаптарды атап өтті.

Кітапқа деген қызығушылықты арттыру мақсатында ұйымдастырылған танымдық ойын кездесуге ерекше серпін берді. Қатысушылар шығармалардың мазмұны мен оқиға желісін сипаттап, кітап атауларын табуға тырысты. Бұл тапсырмалар оқырмандардың білімін ғана емес, шығарманың ішкі мәнін, кейіпкерлер әлемін тереңірек түсінуіне мүмкіндік берді.

Кездесу соңында кітапхананың шығармашылық бөлімінің ұйымдастыруымен жаңа әдеби туындылардан құралған көрме ұсынылды. Көрме оқырмандардың қызығушылығын оятып, келесі кездесуге жаңа кітаппен келуге ынталандырды.

Мұндай әдеби кездесулер кітап оқуға деген қызығушылықты арттырып қана қоймай, «Бірге оқиық» клубының ортақ оқырмандық кеңістігін қалыптастыра түсуде. Қалалық кітапхана өз мәдени миссиясын жалғастыра отырып, кітап арқылы ой бөлісетін, пікір алмасатын ортаны нығайтуға күш салуда.

Кітап әлеміне терең бойлап, пікірлес жандармен ой бөлісксі келетін оқырмандарды кітапхана жанынан құрылған «Бірге оқиық» клубына қосылуға шақырамыз. Сіздерді әрдайым ашық көңілмен қарсы аламыз!

**СЕЙТНИЯЗОВА**
**Мухабат Нуруллаевна,**
*Қонаев қалалық кітапханасының балалар бөлімінің меңгерушісі, «Бірге оқиық» клубының жетекшісі*



МЕНШІК ИЕСІ: «Қапшағай тынысы» ЖШС

Директор Қайрат ТӨЛЕГЕНОВ

Бас редактор Назерке ИНАҚЫНОВА

Жауапты хатшы-дизайнер Дәулет ЖОЛДАС

Бас маман: Аян ҚОНАРОВ, +7 707 612 68 90

Заңгер: Адайбек БЕЙМБЕТОВ

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Қонаев қаласы, 3-шағын аудан 34 үй, 040800.

ЭЛЕКТРОНДЫ ПОШТАМЫЗ: e-mail: nurliolke@mail.ru

Газет көлемі 2 баспа табақ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2023 жыл 3 ақпанда қайта тіркеліп, №KZ87VPY00064035 куәлігі берілген.

- Қазақ, орыс, ағылшын, корей тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.
- Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Кейбір мәтінге қатысы жоқ суреттерге жауап берілмейді.
- Газет редакциясы авторлармен хат алыспайды. Мақалалар өңделеді, авторларға қайтарылмайды. «Нұрлы өлке» газетінде жарық көрген мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
- Компьютерге терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

Газет «Нұрлы өлке» газетінің редакциясында беттеліп, Алматы облысы Іле ауданы Өтеген батыр ауылы Сейфуллин көшесі 2 «В» «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды.
Тел. 8 (727) 251-78-27,
Осы шығарылымның таралымы – 5135 дана.